

## **Р – дыбысын айту жаттығулары**

**КАЛХБЕКОВА ЖАНЫЛ КЫДЫРМОЛДАЕВНА**

*Жетісу облысы Панфилов ауданы Айдарлы ауылы*

*«Айдарлы орта мектебі мектепке дейінгі шағын*

*орталығымен» КММ*

*Логопед*

Баланың мектепке баруы барлық жанұяның ең басты жауапты кезеңі. Баладан гөрі ата-ана қатты қобалжулы болады. Сондықтан бала мектепке бармастан бұрын дайындықтан өтуі керек. Бірінші сыныпқа келген бала сөздік қоры жеткілікті, өз ойын, көзқарасын, сезімін білдіре алатын, мақал-мәтелдерді қолданып салыстыра, мағынасын ажырата және әңгімелей білуі тиіс. Өкінішке орай мектепке келген балалардың көбінің сөздік қоры өте аз, дұрыс толық сөйлем құрастырып жеткізе және дыбыстарды дұрыс айта алмайды. Кеңес алуға келген көптеген ата-аналар кейбір мамандардың «бала бес-алты жасқа келгенде», «мектепке барарда», «бала өзі дайын болғанда» деген сияқты ұсыныс бергенін алға тартады. Көп жағдайда тіл кемістігінде ауытқуы бар балалардың ата-аналары психологта немесе психиатрда емделеді де, емдеу нәтижесіне көңілі толмайды, сөйтіп жүріп уақыт өткізіп алады. Тәжірибе көрсеткеніндей күшті дәрі-дәрмектердің өзі де сөйлеу функциясын реттеуге көмектесе алмайды.

Мұндайда тәжірибелі логопед маманның түзету жұмысы қажет. Ол үшін дәрігер мен логопед бірлесе отырып жүргізген жүйелі емдеу шаралары мен түзету жұмысы жақсы нәтиже береді.

Ата-аналар арнайы маманға тіл кемістігін түзетуге барарда мынаған назар аударуы керек: артикуляциялық аппаратында ерін, тіл, жақ, тіс, жұмсақ және қатты таңдайдың дыбыс айтуда ауытқуы бар-жоғын тексеру. Сонымен, сіз балаңыздың белгілі бір дыбыстарды дұрыс айтпайтынын байқасаңыз, дыбыс қою үшін қандай жұмыстар жүргізілетіні туралы мынадай кеңес береміз:

1. Дыбысты айтуға, қоюға бірінші әдіс, ол-еліктеу. Баланың артикуляция мүшесінің қалай қозғалу керек екенін түсіндіру, содан соң айна алдында көрсету. Бала тілдің қозғалысын көріп, сіздің қимылыңызды қайталауы керек.
  2. Әр түрлі құралдардың көмегімен дыбысты қою. Еліктеу арқылы дыбысты қою мүмкін болмаса, зонд, қасықты қолдануға болады.
  3. Аралас әдіс. Керек дыбысты айтуды сұрап, сол кезде зонды пайдалану. Дыбыс айту бұзылыстарының ішінде көп кездесетін Р – дыбысының бұзылып айтылуының бірнеше түрі бар.
- дыбыс сөзде жоқ не оның орнына дауысы дыбысты созып айтуы;

- жұмсақ таңдай мен тілшіктің ауыздан шыққан ауаның әсерімен дірілдеуі, дыбыстың тамағымен айтылуы;
  - бүйірлеп айтылуы, тіл ұшы дірілдемей, тіл бүйірі ауыздан шыққан ауа екпінімен [рль] шапалақ, қолпылдаған дыбыс шығады;
  - екі еріндік [р] ауа еріннің арасынан өткен ауа арқылы дірілдейді;
  - мұрынмен айтылуы – тіл арқасы мен тіл түбінің жұмсақ таңдаймен жақындасуынан шыққан ауа мұрын жолынан өтіп, деген дыбыс шығады;
  - дыбысының орнына айтылуы – тіл ұшының жоғары көтерілуі дірілдемей ауа тіл жанынан өтіп, дыбысы шығады (рас-лас)
  - дыбысының орнына айтылуы. Таңдайға көтерілген тіл ұшы дірілдемейді, шыққан ауа тіспен тілдің қабысқан тесігі арасынан шығады (рахмет-дахмет);
  - дыбысының орнына айтылуы – тіл ұшы артикуляцияға қатыспайды, бірақ қатайып тіл арқасы көтеріліп, жұмсақ таңдаймен қабысып ауа екпінімен ашылады деген дыбыс естіледі (раушан- гхаушан);
  - [р] дыбысының орнына айтылуы – тіл ұшы қозғалмайды, тіл ортасы көтеріліп ширап жұмсақ таңдаймен жақындасып ауа сол қуыс арқылы өтеді (тар-тай);
  - [р] дыбысының орнына [ы] айтылуы – тіл ұшы төмен түсіп ауыз қуысына қарай тартылады, тіл арты қатайып көтеріліп жұмсақ таңдайға ығысады, ауа кедергіге ұшырамай өтеді (барам-ырам);
  - [р] дыбысының орнына [в] айтылуы- тіл артикуляциясы қатыспайды, оның орнына төменгі ерін жоғарғы тіске көтеріліп ауа арсынан өтеді (ракета-вакета).
- Р дыбысын қою дыбыс қоюдың ішіндегі ең қиыны. Дыбысты қою үшін жұмысты ең алдымен артикуляциялық жаттығудан, тіл мен еріннен бастау керек. Бала тілін таңдайға көтеруге, сол күйде ауызды сәл ашып тіл ұшын қозғауға үйрету, алға қарай тілдің дірілдеуін алу үшін қатайту. Тілдің пішінің, тонусын өзгертіп жалпақ- жіңішке, қатайту – босаңсыту жаттығуларын жасату. Жалпақ тілді жоғарғы ерінге жапсыра бірнеше секунд төменгі ерін, жақты қозғамай ұстау. Тілмен әртүрлі қимылдар жасау: ерінді жалау, тілмен бетін ұрғылау, тілін ауыз бұрышына апару т.б. Тілді жоғары көтеруге қиналса қасық сабымен не саусақпен көмектесуге болады. Тілді сору, қағу, таңдайға жапсырылған кәмпитті түсіру өте пайдалы.

Дыбыс қойылғаннан кейін оны буын, сөз, сөйлем, өлең, жаңылтпаш, мақал-мәтел, мәтін, еркін сөйлеуде бекітіледі.

### **1. Балаға буындап айтқызу:**

Ра, ро, ры, ру

Ар, ор, ыр, ұр

- Дауыстылар арасында:

Ара, оро, ыры, ұрұ, аро, ору, ыра, ыро

- Дауыссыздармен қатар:

Тра, кра, шра, жра, дра

## 2. Балаға сөзді аяқтауды тапсыру.

- [р] дыбысын жалғап айтуды ұсыну: қа..., со..., бо..., та..., жа..., қоңы..., қо..., тұ..., бұ..., құ..., сұ..., сы..., то... .

[-ра] буынын жалға:

Қа..., да..., жа..., сұ..., домбы..., жази..., гита..., Ша..., о..., а..., жы... .

[- рақ ]буынын жалға:

Ба..., та..., жа..., қа..., сұ..., құ..., жы..., тұ..., шы... .

[Ыр] буынын жалға:

Бат..., сып..., қоң..., қасқ..., мам..., си..., ау..., шат... .

**3. Сөзді қайтала:** раушан, ракета, рахмет, риза, рұқсат, арпа, парта, тырна, торғай, айран, дорба, сорпа, тырма, орақ.

**4. Суреттерді ата:** қар, қыран, тырна, қарға, торғай, ара, картоп, жапырақ, арпа, арша, тарақ, парак, айран, қырық, тырма, қияр, қарақат, ара, сырға, торсық.

**5. Сөйлемді қайтала:** 1. Марат базардан тор сатып алды. 2. Омар томар тасыды. 3. Қамбар арамен бөренені кесті. 4. Орманды Ораш суыр көрді. 5. Қырмызы қырдан гүл терді.

**6. Сурет бойынша сөйлем құра:** (сюжеттісуреттер) Құмар алмұрт жеді.

Бауырсақ терезеден домалап түсті. Шорман шортан ұстады. Шынарды қаздар куды. Марат қолшатырды көтерді. Жарас гитарада ойнады.

**7. Оқу.** Дәурен дорбаны көтерді. Ол базардан картоп, қияр, сарымсақ сатып алды. Дорба ауыр болды.

## 8. Жатқа айту:

Балам орныңнан тұр

Қоянның түсі сұр

Сөзге мойын бұр

Қыстайтын құс-құр

Уәдеңде тұр.

\* \* \*

Аққайыңдар, емендер

Қарағайлар, теректер

Жерге көрік беретін

Ағаштар бұл кемеңгер.

\* \* \*

## Тырналар

Тырау-тырау тырналар

«Жем іздесең қырға бар»

Сақтанып жүр, тікен бар

Мойныңды тырналар.

Тырау-тырау тырналар

«Жем іздесең қырға бар»

Қырда бірақ, түлкі бар

Сақ болмасаң жұлмалар.

\* \* \*

Дөңгелене тұрайық  
Киіз үйді құрайық  
Кереге боп керіліп  
Уықтар боп иіліп  
Киіз үйді құрайық.

### **Қарға мен бала**

Менің атым Қаррр-ға  
Баррр-дым ұшып жаррр-ға  
Қаррр-ным ашты, қалқам,  
Іррр-імшігің баррр-ма?  
Жоқ болса тұррр жаррр-да  
Ол жаққа енді баррр-ма!  
Іррр-імшігім баррр, баррр,  
Бол қасымда қаррр-ға.

### **Буын ұйқас**

Ра-ра-ра – Айжан шашыңды тара  
Ра-ра-ра – қозыға жақсы қара.

Ры-ры-ры – мінген атым торы  
Ры-ры-ры – жинап алдым тары.

Ар-ар-ар – далада қалың қар  
Ар-ар-ар – үйге жылдам бар.

Ыр-ыр-ыр – жаттап алдым жыр  
Ыр-ыр-ыр – айтылмайды сыр.

### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Герасимова А.С. Популярная логопедия. Занятия с дошкольниками. Москва, Айрис ПРЕСС, 2009.
2. Ивановская О.Г., Гадасина Л.Я. Логопедические занятия с детьми 6-7 лет. Изд. КАРО, Санкт-Петербург, 2007.
3. Жүнісбек Ә. Айтылым жаттығулар. Алматы, Атамұра, 1998.

## **Психикалық дамуы тежелген балаларға білім беру және түзете- дамыту жұмыстарының ерекшеліктері**

**АУЕЛБЕКОВА МИРА СЕРҚҰЛҚЫЗЫ**

*Жетісу облысы Панфилов ауданы Алтыуай ауылы  
«Ә.Қастеев атындағы орта мектеп, мектепке дейінгі  
шағын орталығымен» КММ. Дефектолог*

Бүгінгі таңда жалпы білім беретін орта мектеп жаңа қоғам мектебі, болашақ мектебі, яғни саналы халықтық мәдениетке бағытталған, баланың жеке басының дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына жағдай жасайтын, бәсекеге қабілетті, елдің ертеңі болатын жас ұрпақты өсіріп, дамытатын мектеп болуы тиіс. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттеріне: білім бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау және адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы парасатты байыту» деп атап көрсеткен болатын. Осыған байланысты қоғам алдында оқушының жеке басын үйлесімді дамытуға бағытталған міндеттер қойылып отыр.

Еліміздің әрбір болашақ азаматын жан-жақты тәрбиелеп, білім беру арқылы дамыту ең жауапты іс. Жалпы орта білім беретін мектепте үлгерімі төмен балалар тобында психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балалар кездеседі. Психикалық дамудың тежелуі – бұл баланың интеллектуалды қабілетінің жасына сәйкес келмеуі. Баланың психикалық дамуының тежелуінің негізгі себептері түрлі болуы мүмкін. Бұл жағдайдың негізгі себебі бала миының әлсіз түрдегі органикалық зақымдануы немесе іштен туа біткен, туылу кезінде және өмірінің бастапқы кезеңдерінде болған жағдайлар, негізгі әлеуметтік жағдайы, нашар көруі, құлақ ауруы тағы да басқа себептерден болуы мүмкін. Психиатр, невропатологтың зерттеулері бойынша психикалық дамуының тежелуі балада тұмау, сары ауру, іштегі улану сияқты аурулардан кейін пайда болады. Психикалық дамуының тежелуінің негізгі бұзылыстары интеллектуалды деңгейі көбіне таным процестері: зейіні, логикалық есте сақтауы, ойлауы, кеңістікті бағдарлауы төмен болып келеді. Бұл балалар өзінің құрдастарынан кеш жүріп, кеш сөйлейді. Олардың салмағы аз, бойы кіші, көп сөйлемейтін, әлжуаз, тез шаршап, көп ауырады [1, 17 б.]. Психикалық дамуы тежелген балалар дегеніміз – оқу бағдарламасын меңгеруде қиындықтарға кездесетін үлгермеуші балалар. Мұндай балалар білімі мен дағдыларына, тұлғалық жетімділігіне мінез-құлқына байланысты мектепте оқуды бастауға дайын емес. Олар оқуда көп қиыншылықтар көреді: мектепте орнатылған тәртіп нормаларын сақтау оларға

аса қиын. Оқудағы қиыншылықтар олардың жүйке жүйесінің әлсіреуінен тереңдей түседі – жүйкесі тозып, соның салдарынан олар тез шаршайды, жұмысқа қабілеті төмендейді, бастаған жұмысын аяқтамайды. Бұл балалардың оқу үлгерімі ерекшеліктеріне келетін болсақ, бұл балалардың оқуға үлгермеушілігі 1-сыныптан бастап көріне бастайды. Бірақ анық белгілері 2-3 сыныпта белгілі болады. Оқу процесінде олардың оқу дағдыларындағы кездесетін кемшіліктер:

- сабақ процесіне жай қосылады;
- оқу материалын жай немесе тіптен қабылдамайды;
- берілген тапсырманы мұғалімнің көмегінсіз орындай алмайды;
- оқу мен жазуы жай;
- оқыған мәтінін түсінбейді және түсінгенін айтып бере алмайды;
- есептер шығарған кезде үлкен қателер жібереді;
- тез шаршағыш;
- сыныптастарымен аз араласады;
- өз ойын анық айта алмайды.

Мұндай балалардың жұмыс қабілетінің төмендеуі және зейін тұрақсыздығы әр балада түрлі көрініс табады. Осылайша кейбіреулерінде аса жоғарғы зейін қоюы және неғұрлым жұмысқа деген жоғарғы қабілеті тапсырманы бастағанда байқалады да, оны орындау барысында төмендей береді; енді бірінде – зейіннің артуы жұмыстың біраз уақыты өткен соң басталады; ал тағы басқаларында зейін қоюы және жұмыс қабілеті біркелкі болмай, мезгіл-мезгіл толқып тұрады [2]. Психикалық дамуы тежелген балалар зейіннің ерекшеліктері оның тұрақсыздығынан, бір объектіге тұрақты көңіл бөле алмайтындығынан көрінеді. Басқа да сыртқы қоздырғыштардың болуы бұл оқушылардың жұмысын тежеп, қате жіберуін арттырады. ПДТ балаларда қабылдау қабілетінің дамуы да төмен, мұны балалардың қоршаған әлем туралы білімдерінің жеткіліксіздігінен, шектеулігінен, үзік-үзіктігінен, әдеттегі қалыптан басқаша тұрған заттарды, сызбалық бейнелерді тани алмайтындығынан (егер олар сызылып тасталған немесе бірінің үстіне бірі орналастырылған болса) байқауға болады. Есте сақтау процестерін зерттеу ырықты есте сақтау нәтижесінің жеткіліксіздігінен, есте сақтау көлемінің аздығын, есте қайта жаңғырту қиынға түсіп, оның нақты болмайтынын көрсетті. Мұндай балалардың танымдық қызметінің дамуында да айқын артта қалушылық пен өзгешеліктері бар. Олардың барша ойлау формаларының артта қалуы байқалады, мектептегі оқудың басталуына қарай мұндай балаларда, әдетте әлі негізгі ойлау операциялары талдау, топтау, салыстыру, қорыту қалыптаспаған. Танымдық белсенділігінің төмендігі айқындалған. ПДТ балалардың тіл байлығы әдеттегі балаларға қарағанда 20-30% төмен деңгейде. Сөздік қорында бар сөздердің өзін қолданғанда, олар көбінесе қате жіберіп, сөз мағынасын толық түсінбейтінін көрсетеді. ПДТ оқушылардың грамматикалық қорыта білуі әлсіз, олардың сөйлеу тілінде грамматикалық

конструкцияларды дұрыс қолданбауы жиі кездеседі. ПДТ балалардың мінез-құлқы да өзіндік ерекше. Мектепте олар өздерін әлі мектепке дейінгі жастағы кішкене балалар сияқты ұстайды. Оларда оқуға деген қызығушылығы жоқ немесе аса әлсіз, мектепке деген жағымды қатынасы да байқалмайды. Олардың жетекші қызметі – әлі де ойын болып қалады. Жүйелі түрде оқыту басталғанға дейін ПДТ балаларда ойын әрекетінің жоғарғы формасы – сюжеттік-рөлдік ойын қалыптаспаған, шын мәнінде баланы өз қызметінің жаңа түрін – оқу қызметін орындауға дайындайтын ойынның осы формасы, тіпті ойынды ересектер немесе дұрыс дамып келе жатқан құрдастары ұйымдастырған жағдайда да бұл балалар өзіне бөлінген рөлді орындай алмай, біреуінен екіншісіне ауысып, манипуляциялық әрекет жасайды [3, 15 б.]. Психикалық дамуы тежелген балалармен жүргізілетін түзете дамыту жұмыстарының түрлері көп. Түзету жұмыстарын жүргізудің принциптері төмендегідей:

- баланың жеке тұлғалық ерекшеліктерін анықтау;
- шаршап кетпеуін анықтау;
- оқу әрекетін ойын түрінде ұйымдастыру, кеңістікті бағдарлауын дамыту;
- сыныптан тыс тәрбие сағаттарына қатыстыру;
- ойын дағдыларын оқу әрекетіне аудару;
- арнайы әдістемелермен оқытуды ұйымдастыру;
- жылдық диагностикалық даму деңгейін салыстыру.

Мамандардың оқыту түзету процесінде әдістемелік нұсқауларды дұрыс және жоғары деңгейде ұйымдастыруына байланысты психикалық дамуы тежелген балаларды өз жасындағы балалардың даму деңгейіне жеткізуге болады. Білім беру мекемесінде оқитын ПДТ балалар әр уақытта нәтижеге жету үшін бақылаудан тыс қалмауы қажет. Психолог, сынып жетекшісі, ата-ана тығыз байланыста болған жағдайда баламен жүргізілетін жұмыс нәтижелі болады, яғни баланың өз-өзіне деген сенімділігін арттыру арқылы түзете дамыту жұмыстарын жүргізу тиімді. ПДТ баламен жүргізілетін жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастыру керек. Дидактикалық материалды жеткілікті түрде қолдану, қазақ тіліндегі оқулықтардың жеткілікті болуы, көрнекі құралдардың эстетикалық және педагогикалық талаптарға сәйкес келуі, ойын құралдарының әртүрлігі, іс-әрекеттен тыс техникалық құралдардың жеткілікті қолданылуы – бұл баланың сөз сөйлеуін жақсы меңгеруінің бір шарты болып табылады. Танымдық және сөйлеу іс-әрекетінің дамуына жеткізетін әдістерінің бірі – ойын. Ойын баланың өзінің қарым-қатынасқа деген қажеттігін, сезімдерін, ойларын және эмоцияларын сыртқа шығаруын қамтиды. Ойынды дұрыс ұйымдастыру арқылы баланың сөздік қоры дамиды, басқа балалармен қарым-қатынаста өзін еркін сезінуі және қоршаған ортаға байланысты білімдерін кеңейтеді. Ойын барысында қолданған сөздерді бала күнделікті өмірде қолданатын сөздік қорына кіргізеді. Бала белгілі әлеуметтік ортада өсіп, айналасындағы заттар мен құбылыстарды танып біледі, олармен тікелей қарым-қатынастарда әсерленіп,

бойындағы табиғи қасиеттерін жетілдіріп, ақыл-ой сезімін таным әрекетімен байланыстырады. Сезімнің бұл түрі балалардың оқып білім алуын, дүниетанымын, көзқарасын қалыптастырады. Баланың шындықты тануға деген ең алдымен таңданудан басталады, таңдауы баланың бәрбір нәрсенің, құбылыстың, оқиғаның мән-жайын жан-жақты танып, оларды тереңірек түсінуіне жетелейді, оның ізденімпаздық әрекетін тудырады. Психикалық дамуы тежелген балаларды оқытудың негізгі әдісі біріктіру болып табылады. Қазіргі шақта біріктіру – зейін орталығы. Біріктіре оқыту арқылы бала дамуының ерекшеліктерінен жалпы білім беру стандартының қалыпты уақытқа жақын болуымен сипатталады. Біріктіру әдісі білімді түзетудің, дамытудың заңдылығы болып есептеледі. Тұжырымдамаға сәйкес біріктіре оқыту келесі қағидалар негізінде жүргізіледі:

— дамуындағы кемшілікті ерте бастан түзету, дамуында ауытқуы бар балалардың бірнеше қызметтерін қалпына келтіру қабілеттері;  
— біріктіре оқыған әрбір балаға түзету көмектері міндетті;  
— біріктіре оқуға негізделген балаларды таңдау. Психоэмоционалдық дамуы терең бұзылған балалар қалыпты балалар арасында тәрбиелене алмайды. Психикалық дамуы тежелген балалармен дәрігерлік-психологиялық-педагогикалық және түзету шараларын жүргізгенде мамандар мынадай маңызды ұстамдарды сақтауы тиіс:

— жеке және топ арқылы олармен түзету-дамыту сабақтарын жүргізу;  
— қимыл-қозғалысы мен психикасының дамуының жетілуін бағалап жетілдіре түсу;

— психикалық дамуы тежелген балалардың психологиялық қауіпсіздігін сақтау, сол ортаға мейірімділік пен қамқорлық жағдайын туғызу, олардың қиыншылығын түсіну және жағдай жасау [5]. Қорыта келгенде психикалық дамуы тежелген баланы дамыту барысында жұмыс нәтижелі болу үшін, әр баланың физиологиялық, психологиялық, жас ерекшеліктерін ескере отырып, жеке тұлғаны дамыту жұмыстарын дұрыс және тиімді ұйымдастыру болып табылады. Түзете-дамыту жұмыстарында төмендегі мәселелерге көңіл бөлген жөн: психикалық дамуы тежелген балалардың танымдық және тұлғалық ерекшеліктері сауат ашуға, жазуға, математикаға, еңбекке үйрету, кезінде оқу мазмұнын басқаша іріктеуді қажет етеді. Бірінші кезекте оқуға деген жағымды түрткі қалыптастырып, жақын эмоционалды көріністерді тудыратын, ой-өрісін кеңейтетін материал алынады. Дамуы баяу балалардың психологиялық ерекшеліктерін ескеру, оқу материалын жай бөліп қоймай, керісінше жалпы дамуға бағытталған жаңа бағдарлама (баланың қоршаған ортаға бейімделуі, мінез-құлық ерекшеліктері, өзін-өзі төмен бағалауы, қоршаған ортаға сенбеушілікпен қарауы, өз күшіне деген сенімсіздігі, белсенділігі төмен) құруды талап етеді. Қазіргі кезде қоғам дарынды, қабілетті адамдарды қажет етеді. Жеке тұлғаның рухани өсуіне психологиялық-



педагогикалық жағдай жасай отырып, өз ортасында және өзге ұжымда өзін еркін сезіне алуға тәрбиелеу, өзіне-өзі сенімді, жауапкершілік қасиетті сіңірген тұлға ретінде қалыптастыру.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Кушербаев А. Психикалық дамуы тежелген балалармен жүргізілетін түзете дамыту жұмыстарының ерекшеліктері //Дефектология. 2011. №3. 17 б.
2. Воронкова В.В. Воспитание и обучение детей во вспомогательной школе. М., 1994.
3. Кальпебаева Г. Психикалық дамуы тежелген балаларды ақыл-есі төмен балалардан ажырату». //Дефектология. 2010. №4. 15 б.
4. Гаврилушкина О.Н. Об организации воспитания детей с ЗПР. //Дошкольное воспитание. 2004. №8.
5. Пашков А.Г. Педагогические основы социальной реабилитации детей с ограниченными возможностями (методические рекомендации). 2006.

**Білім саласындағы менеджмент**  
**БЕРИШБАЕВА РАУАН АГЗАМОВНА**

*Маңғыстау облысы Ақтау қаласы*  
*№31 «Еркемай» бөбекжайы жедел басқару*  
*құқығындағы МКҚК.*  
*Директор*

Қазіргі білім берудің жаңашыл бағытының өзгеруі, қоғамға жоғары білімді, рухани-адамгершілігі мол, өздігінен шешім қабылдай алатын, ынтымақтастыққа қабілетті, бейімділігі мен жауапкершілік сезімі биік адам қажет Педагогикалық менеджмент адамдардың өзін-өзі дамыту, еркіндік және шығармашылығын дамыту болып табылады. Менеджмент ұғымы — бұл адамдардың ынтымақтастығы, бұл адамдардың қарым-қатынас әдісі. Осы жерде өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі дамыту үрдісі ретінде педагогикалық менеджменттің ықпалын көруге болады.

1. Адамды сыйлау және оған сенімділікпен қарау.
2. Адамдарға тұлға ретінде қарау қағидасы.
3. Ынтымақтастық әрекеті немесе басқарудан қарым-қатынасқа көшу.
4. Үздіксіз кәсіптік білімін көтеру.

Мұғалім жұмысын бағалау қағидасы. Бұл қағидалар педагогикалық менеджментте бірқатар нақты талаптар қояды. Олар мына төмендегілер: - адамның жеке басының беделін құрметтеу, адамның құқы мен мүмкіндіктерін мойындау; - адамға сену, оның өзін-өзі тануы және мүмкіндіктерін ашып көрсету үшін жағдай жасау; - өзара құрмет негізінде сенім ауанын қалыптастыру; - бастамашылдықты, шығармашылық бейімділікті, ұжымда өз орнын таба білуді қалыптастыру; - жетістікті, мектептің ісіне әркімнің қосқан жеке үлесін мадақтау. - Адамға құрмет және сенім - басқарудағы ізгіліктің ең жоғары көрінісі. - Адамдарға тұлға ретінде қарау қағидасында педагогикалық менеджментті немесе менеджерді, демек, педагогикалық ұжымның әр мүшесін жай ғана қызметкер, мұғалім деп емес, оны бүкіл қызмет кезеңіндегі қажеттіліктерімен, мақсаттарымен, бастан кешіретін қобалжуларымен бірге тұлға деп қарастырған жөн. Тіпті, оны баланың бойындағы барлық нәрсе қызықтыруы тиіс: оның оқуы, дамуы, қызығуы, қоршаған ортасы, тұрмысы, т.б.

Ең бастысы, менеджердің қызметіндегі негізгі міндеттердің бірі - педагогтерді біріктіре, жұмылдыра білу. Барлық қағидалардың мәні - педагогтың кәсіби қызығуын қолдау, өз әрекетіне сенімділігін ояту. Ол үшін педагогтың кәсіби өсуіне мүмкіндік жасау, семинар, конференция, педагогикалық оқу-байқауларға қатысуға мүмкіндік беру керек. Осындай жанашылдық ықпал үздіксіз өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру қажеттілігін талап етеді. Д.Карнегидің басқара білудің (әлеуметтік-психологиялық болып табылатын) 10 ережесін үнемі назарда ұстау қажет.

1. Сұхбаттасқан адамдардың ерекшелігін ықыласпен мойындаңыз және мақтаудан бастаңыз.
2. Кемшілікті жанама түрде көрсетіңіз. Тура сынау пайда келтірмейді.
3. Алдымен өз қатеніз туралы айтудан бастаңыз, сонан соң сұхбаттасушыны сынаңыз.
4. Әңгімелесушіге бұйрық беруден бұрын сұрақ қойыңыз.
5. Адамға өз жетістіктерін қорғауға мүмкіндік беріңіз
6. Мақтауға сараң болмаңыз.
7. Адамның үмітін ақтау және сақтау үшін мүмкіндік туғызыңыз.
8. Мадақтаңыз. Кемшілікті оңай түзетуге болатындай, ол қиындық келтірмейтіндей үміт туғызыңыз.
9. Өз қалауынша, адам қызығушылықпен орындайтын күйге қол жеткізіңіз.
10. Адамның өз бейнесін сақтауға мүмкіндік беріңіз. Д.Карнегидің ұсынып отырған ережесі қарауындағы адамға сыйластықпен қарауға үйретеді. Менеджменттік басқару әдісінде жеке тұлғаға сенімділікпен қарау негізі қаланған.

Менеджменттің басты мақсаты — жетістік. Ал жетістікке ұмтылу адамды дамытуға бастайтын үлкен күш. Осы менеджменттік басқару арқылы педагогикалық қызметтің сапалы нәтижесі үшін атқарылған жұмыстың жемісін көруге болады. Басқарудың педагогикалық менеджмент негіздерін меңгере отырып кез келген деңгейдегі педагогтердің біліктілігін көтерудегі негізгі міндет — әдістемелік сауаттылықты меңгере алуы (ағартушылық, құзырлылық, зерттеушілік мәдениеті)..

## Өнер көзі халықта

### АЙТБАЕВА АЙЖАН УМИРЗАКОВНА

*Жамбыл облысы Таласс ауданы*

*Қаратау қаласы «Байтерек» бөбекжай*

*бақшасының саз жетекшісі*

**Білім бер саласы:** «Шығармашылық»

**Бөлімі:** Музыка

**Мақсаты:** Балалардың ән туралы түсініктерін қалыптастыру. Әнді мұқият тыңдай отырып, сипатын ажырата алу, бірге ән салу, әнге деген қызығушылықтарын ояту. Халықтық мұраны насихаттау. Қазақтың ұлттық аспаптарының дыбыс шығаруын балаларға таныстыруды жалғастыру, күй жанрын ұлттық аспапта ойнағанын тыңдату. Сөздік қорын бекіту. Музыкамен байланыс әсерінен балалардың бойында қуанышты эмоциялық көңіл күй шақыру. Балаларды музыкалық аспаптарымен оркестрде ойнай алу икемделіктерін дамыту. Балаларды ұлтжандылыққа және домбыраға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілдері:** Түсіндіру, көрсету.

**Көрнекі құралдар:** Музыкалық аспаптар, слайд, флешка.

**Сөздік жұмыс:** Әуен, қазақтың ұлттық аспабы, сазгер.

**Полилингвалды компонент:** Әуен – музыка-musik , домбыра – дамбыра-dombra, сазгер- композитор- composer.

### Кіріспе бөлімі

Балалар әуен ырғағымен музыка залына кіреді.

-Ал балалар бүгін бізге көптеген қонақтар келіп отыр, біз осы қонақтармен сәлемдесіп алайық.

-Қайырлы таң ұстазым,

Қайырлы таң достарым.

Шеңберге тұрайық,

Жылулық сыйлайық!

Доброе, утро, учитель,

Доброе утро друзья.

Посмотрите друг на друга

Пожелайте добра!

Good morning, good morning,  
Good morning, to you,  
Good morning, good morning,  
We are glad see you!

-Жарайсыңдар балалар.

-Олай болса балалар оқу қызметімізді бастамас бұрын денемізді қыздырып,көңіл-күйімізді көтеріп музыка әуенімен «Көңілді достар» ырғақты қимылды жаттығуларын жасайық.

-Тыныс алу жаттығулары жасалады.

-Балалар қандай іс-қимылдар жасадық?

-Дұрыс айтасыңдар балалар!

### **Негізгі бөлімі**

-Балалар, бүгін оқу –қызметіміздің таырыбы «Өнер көзі халықта» деп аталады.

-Балалар сендер әуен тыңдағанды жақсы көресіңдер ме?

-Балалар барлығымыз назарды ғажайып тақтаға аударайық.

(слайд көрсетіледі) Ғажайып тақтадан әуен тыңдайды.

-Балалар, біз ән тыңдадық па, күй ма?

-Дұрыс айтасыңдар, біз күй тыңдадық.

-Балалар, қандай аспаптың дыбысы шықты?

-Домбыра қай ұлттың аспабы?

-Дұрыс, қазақтың ұлттық аспабы домбыра.

-Балалар, бұл халық күйі «Нар идірген»

Ертеде әже мен ата өмір сүріпті. Әже мен атаның түйесі болыпты. Түйенің кішкентай ғана ботасы болыпты. Бір күні кішкентай бота өзінен өзі жоқ болып кетіпті. Енді әже түйенің сүтін алайын десе, түйе сүтін бермепті. Әже мен атаның көңіл –күйлері түсіп, енді не істесек екен, бұл түйеге қандай жағдай жасасақ екен деп ойланады. Бір кезде атаның көзі қабырадағы ілулі тұрған домбыраға түседі. Атай домбыраны алып шерте бастағанда, түйенің есіне бота түсіп, сүті пайда болды.Бұл «Нар идірген» халық күйі осылай шыққан екен.

-Балалар, біз ән айтпас бұрын даусымызға не жасаушы едік? -

Ендеше, балалар, даусымызды ашып, әнімізге дайындалып алайық.

-Жарайсыңдар, өте тамаша балалар.

-Балалар, біз өткен оқу қызметімізде қандай әнмен аяқтап едік?

Әнді айтқанда айқайламай, асықпай, сөздерін анық айтамыз.

Олай болса, «Домбырасыз сән қайда» әннің сөзін жазған Х.Талғаров, әнін жазған И. Нүсіпбаевтың әнін қайталап шығайық.

-Жарайсыңдар балалар.

Балалар, бүгін біз тағы да домбыра жайында «Қасиетті домбыра» әнімен танысамыз. Ең алдымен мен әнді орындап беремін, ал сендер тыңдаушы боласыңдар.

-Балалар, сендерге жаңа ән ұнады ма?

-Балалар, әннің мәтініне мән бердіңдер ме, не туралы айтылған?

-Дұрыс айтасыңдар, балалар.

-Балалар, әнді кім жазады?

Балалар, «Қасиетті домбыра» әнін жазған сазгер Бота Бейсенова апаларын жазған екен (суретін көрсету). Бота Бейсенова балаларға арнап көптеген әндер жазған. Олардың ішінде «Ата –ананы тыңдаймыз», «Наурыз келді», «Анашым» басқа да көптеген әндері бар. Бота Бейсенованың «Қасиетті домбыра» әнін әуенге қосылып айтып үйренейік. Әннің кіріспесіне назар аударып, көңілді орындап айтамыз.

-Жарайсыңдар, балалар.

**Полилингвалды компонент:** Әуен –музыка-musik ,домбыра –дамбыра-dombra,сазгер- композитор- composer.

**Қызықтыру сәті:** Әже түйемен келеді.

**Әже:** «Шөк» жануарым деп түйені отырғызады. Балалармен амандасады.

-Амансыңдар ма, балалар!

-Амансыз ба, Әже!Қош келдіңіз, ауыл аймағыңыз аман ба?

**Әже:** Шүкір, мал жаным аман.

Білім, тәрбиенің бастауы балабақшадан демекші, мен сендерге құр қол келген жоқпын. Өзіміздің дәстүрімізді насихаттау үшін, мына ақ тайлағымен қазақтың ұлттық музыкалық аспаптарын ала келдім.

(қоржынды алып саз жетекшіге береді)

-Әже, сізге үлкен рахмет. Балалар, әжеміз қандай аспаптар алып келіпті көрейік.

**Әже:** Бұл қазақтың ұлттық аспабы қара домбыра. Ата –бабамыздан осы домбыра арқылы ән айтып, күй тартып өзінің өмірлік серігі еткен.

Қазақтың бірде –бір мерекесі домбырасыз өткен емес. Домбыра ішекті аспаптардың біріне жатады. Домбыраның құрылысын таныстыра кетеді.

-Мынау құлағы, мынау мойны, ал мынау шегі, сонымен қатар қазақтың ұлттық оюымен көмкерілген. Ал мынау тегі. Мынау аспап тұяқ деп аталады. Тұяқты үй жануарларының ішіндегі жылқы малынан алады. Екі тұяқты бір –біріне

соққанда керемет дыбыс шығады.

-Қане, тыңдап көреміз бе?

(тұяқты тырсылдатады)

-Көрдіндер ме, балалар керемет дыбыс шығады.

-Ал, мынау - асатаяқ. Бұл сілкіп ойнайтын аспап. Асатаяқты ағаштан жасайды.

Бетіне неше түрлі өрнектелген сыдырмақтар ілінеді.

Мынау аспап- сылдырмақ деп аталады. Бұл да сілкіп ойнайтын музыкалық аспапқа жатады. Бұны да ағаштан жасайды. Бұл аспапқа да көптеген сылдырмақтар іледі.

Асатаяқ пен сылдырмақ ән айтып, күй тартқанда сүйемелдейтін аспап.

-Ой, балалар қарандаршы әжеміз қандай аспаптың түрлерін алып келген.

Ендеше балалар, әжеміз алып келген аспаптармен ойнап көреміз бе?

Олай болса, «Оркестр» әнін музыкалық аспаптармен орындап берейік.

-Өте керемет. Балалар саусақтарын шаршаған шығар. Олай болса біз қазір сендермен логаритімдік саусақты ойын ойнаймыз.

Ойынның аты: «Біз домбырада ойнаймыз»

**Шарты:** Балалар саусақтарымен домбыраны шерту арқылы, қандай дыбыс шығатынын айтады.

**Әже:** -Жарайсындар балалар, ұлттық өнерімізді үйренуге деген талаптарын таудай екен. Мен сендерге сыйға домбыра алып келдім.сендерге тарту етіп, немерелеріме қайтайын, іздеп қалған болар.

**Тәрбиеші:**-Балалар, осы алтын домбырамен сендермен ойын ойнағым келіп тұр.

**Шарты:** Әуенмен балалар шеңбер бойымен домбыраны жүргізеді. Әуен тоқтағанда кімнің қолында домбыра қалса, сол бала өнерін көрсетеді.

-Тамаша ойнадыңдар.

**Қорытынды**

-Балалар, сендерге оқу қызметі ұнады ма?

-Балалар, оқу қызметімізде қандай күй тыңдадық?

-Қандай сазгердің әнін тыңдадық?

-Қонаққа кім келді?

-Әже қандай аспаптармен таныстырды?

-Әже сыйлыққа не алып келді?

Бүгін оқу қызметіне өте жақсы қатысып, ат салыстындар.

Менің де сендерге арнаған сыйлығым бар. (балаларға тәтті тарату)

Қонақтармен қоштасайық.

**Жақсылық пен Жамандық –қанмен келетін қасиет.**

**КАСЫМОВА ХАНЗАДА АРИПХАНОВНА**

*Шымкент қаласы Энергетика және байланыс колледжі*

*Халыққа қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі. .*

*Қазақстан тарихы пәннің оқытушысы. .*

*ТМД ның үздік педагогы*

Бір адам жаққан отқа, мың адам жылынады. Жүрегіңіздегі мейірім оты жалындаған, жақсылық пен қайырымдылық әрдайым жүректерге жақсылық нұрын себеді. Ел еңсесін биіктеткен осындай мерейлі істер жаңа көкжиектерге бастап, ата - бабамыздан мұра болып қалған қайырымдылық пен жомарттық болашақта да өз қадірін жоймаса екен, балаға жасаған жақсылық - өзімізге жасаған жақсылық екені айдан анық.

Адам баласының бойындағы қанмен келетін, ана сүтімен енетін қасиеті, сана-сезім мен қарым - қабілеттері әр алуан болып тараса керек, әр адамның бойында өзін-өзі басқару қабілеті бар, осы қабілетін шындай білген адам барша тіршілік иелерінен басып озады.

Жаратушы Ием адамды тепе-теңдікте ұстап, оны қай жаққа да бейімділікте жаратқан. Адам баласы тумысынан жақсылыққа да жамандыққа да бейім жаратылған. Бұл екеуі бір-бірімен астасып жатқан қасиеттер. Жақсылық айналадағыларға қуаныш сыйлауға ұмтылдыратын, қоғамды адамгершілікке үндейтін қадам.

Адам бойында сондай-ақ тәнқұмарлық, ашу, қырсықтық, ерегісу, қызғаныш сынды қисық мінездер де бар. Мәселе осы мінездерді өз ықтиярына бағындырып, дұрыс тәрбиелей білуде.

Таным көкжиегін барынша тереңдете алған адам ғана нәпсісіне, мансапқұмарлыққа, атаққұмарлыққа жеңілмей, үлкен күнәлардан аулақ тұрады. Сондай-ақ ол қызғанышқа барып, амалдарының сауабы зая кетпейді және қырсықтықтан арылып, уақытын текке кетіруден сақтанады.

«Жақсылық жүрген жерде, тапшылық болмайды». Шынында солай. Өйткені тарихта неше түрлі жағдайлар болған: аштық та, соғыс та, қуғын-сүргінді де бастан кешірген. Егер сол жақсылық болмаса, бүкіл адамзат жойылып кетер еді. Адамдардың бір-біріне деген қайырымдылығы мен жанашырлығы болмағанда, бұл күнді көрмес те едік.

Ал ең үлкен тәрбие – ата-ананың үлгісі. «Жақсылыққа құр сөз арқылы шақырып, ынтықтыру мүмкін емес. Адамның табиғаты сол – кез келген нәрседе үлгіні қажет етеді.»



Кішкентай күнінен балаға жақсылық жасауды, қайырымды, жанашыр болуды үйрету ата-ананың міндеті деп ойлаймын.

Мен үшін жақсылық ұғымын түсіндірген өмірімде екі жан болды. Біріншісі әкем. Сол бір кеңестік замандарда ұстаздық қызмет атқарған өте сауатты, әділ, турашыл, тік мінезді жасқануды білмейтін, әділетсіздікке жол бермейтін, бетке тіке айтып салатын, әлсіздерге көмек қолын созып тұратын қамқор, қолы ашық барын аяп қалмайтын мәрт жан еді десетін әкемді танығандар.

Жақсы әкенің жасаған ісі, ұстанымы, саған берген тәрбиесі, қанмен сіңірген қасиеті – балаға өмірлік азық деуші ме еді, сол рас екен. «Біреудің ала жібін аттама», «еш уақытта өтірік айтпа, болған нәрсе, жердің бетіне шықпай қоймайды, жасаған әр – бір ісің, амалың алдыңнан шығады, жақсылық жасасаң да өзіңе, жамандық жасасаң да өзіңе» - деген сөздері көкейден кетпейді. Айтқандары айдай келіп жатқандай, «ар мен намыстың, адалдықтың, шынайылықтың өмірі ұзақ, әрі қайырымы мол» деп жақсылықтың құны өлшеусіз екенін ұғындырып кетті.

Екіншісі, менің анам - адам баласына жамандық тілемейтін, жамандық жасамайтын, жамандыққа қас, жақсылыққа дос адам еді. Ол адамның бәріне көмектесіп жүреді. Үйдің шаруасын да тындыратын, немерелеріне қарайтын, барлығына қамқор болатын, ашулануды мүлдем білмейтін, әлдекім ауырып қалса, жанынан табылатын. Ол кісінің өзгелерге жасаған жақсылығын көріп, таңданатынмын. Ол жақсылықты түсінетін де, түсінбейтін де жандар болды. Көмегін міндет көріп, қит етсе шақыратын адамдар да бар еді. Бірақ анам көмек қолын созып, шаршағанды білмейтін, еңбекқор жан болатын. Ешкімге ренжіген де емеспін, ренжіткенде емеспін деп отыратын жарықтық.

Өзгеге жақсылық жасаған анамның өмірі ерекше бір мағынаға толы болды. Ол өзінің өмірді босқа сүріп жатпағандығын сезінді. «Көп жаса, бақытты бол» деген батаны көп алғанмын – ау, аллам маған ұзақ ғұмыр берді. «Жақсылығыңды жақын ет» - деп тоқсан жасты алқымдаған шағында да бір Жаратқанға шүкіршілік жасап, алладан ғана медет сұрап отыратын. Олардың бейнесі маған аяулы, ерекше қамқор, ардақты ата-ана үлгісі болып қалды. Олар өз балаларына ғана емес, өзгелерге де аталық қамқорлық, аналық жылу бере білді. Мамандығы мұғалім болғандықтан, білім беріп тәрбиелеген шәкірттері өте көп. Олардың қай-қайсы болмасын әкеме тек ризашылық пен алғыс айтып, жол көрсетіп, ізгілікпен жасаған жақсылықтарын жиі еске алып рахмет жаудырағанда, менің кеудеме мақтаныш сезімін ұялататын.

Ата –анамның жүрегі үлкен, терең. Оларда жамандықтың ізі де жоқ. Тек жақсылық атаулыға тұнып тұр. Ата –анама қарап, жақсылығы үшін масаттансам, өмірде көрген бейнеті үшін жүрегім езіледі. Олар - рухы мықты, күшті жандар болатын. Бала күнімнен ата - анамның осындай жаны жайсаң жан екендерін, даналығы мен даралығын көріп өскендіктен, жақсылықтың не екенін біліп өстім.

Біліп қана қоймай, ата-анамның мінез-құлқы, іс-әрекеті, әкенің

қанымен,ананың сүтімен менің бойыма таралып жақсылықтың дәні арқылы өніп өсті.

Әкем мен анашым, шын мәнісінде өзіне жамандық жасаған адамға да қайырымды болды. Сабырлы салмақты қалпын өзгерткен емес.

Жақсылық жасау – адамшылықтың белгісі. Әркім өзінің қал - қадірі жеткенше көмек жасайды. Ең бастысы, шын ниетімен, адал пейілімен жасалса болғаны. Бірақ та жақсылықтан қайтарым үміт етіп жасау – дұрыс ниет емес деген үні құлағымда жатталып қалыпты..

Жақсылық атаулыға шын көңілмен, риясыз пейілмен, қайтарым күтпей жасалған, өзгелерді қуантатын, басқаларға пайдалы болатын амалдардың бәрі де кіреді. Адамның табиғаты сол – өзіне жақсылық жасап, жақсы мәміледе болған адамға жамандық жасауға ұялады. «Жақсылыққа жақсылық – әр кісінің ісі, Жамандыққа жақсылық – ер кісінің ісі,» – деп М.Әуезов айтқан екен. Яғни еш сұраусыз - ақ ізгілікке ізгілікпен жауап қайтару – көптің қасиеті. Ал енді нағыз ерлер, шын мәнісіндегі тұлғалар жамандық жасаған адамға да қайырымды болады, ізгілігін, жақсылығын аямайтын болады екен. Міне солар – адамгершіліктің биігіндегілер. «Жақсы кісі ай мен күндей, әлемге бірдей» деп айтқан екен ғой қазақ атамыз. Шын жақсы кісі барлық адамға «нұрын» шашқысы кеп тұрады, адам жатырқамайды.

Қазақтың жақсы қасиеттерінің асылы – жомарттық, кең пейілділік. Ол адамға қызмет қылып, жақсылық жасауға пейілді жанға тән сипат. Жомарт болу - өзінде барды зәру адаммен шын жүректен бөлісу жаныңа қуат береді.

«Жылуы жоқ үйден без, қайырымы жоқ биден без», - дегендей қайырымдылық, адамгершілікті биік ұстап, кісілікті ту етіп, көкірегі қаяулы, жаны жаралы жанның жасын сүртіп, жылы лебізін аямай, қолдан келген жәрдемін ұсынып, достық пейілдерін танытуға асығайық ағайын.

Жақсылық жасау қолыңнан келіп тұрса, қуаныш сыйлауға мүмкіншілігің жетіп тұрса, неге қол ұшын созбасқа?!

## МАЗМҰНЫ

- *КАЛХБЕКОВА ЖАНЫЛ КЫДЫРМОЛДАЕВНА*
- *АУЕЛБЕКОВА МИРА СЕРҚҰЛҚЫЗЫ*
- *БЕРИШБАЕВА РАУАН АГЗАМОВНА*
- *АЙТБАЕВА АЙЖАН УМИРЗАКОВНА*
- *КАСЫМОВА ХАНЗАДА АРИПХАНОВНА*